

Жергілікті маңызы бар "Үмбет" мемлекеттік табиғи қаумалын құру үшін жерді резервте қалдыру туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 27 наурыздағы № 78 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 15 мамырда № 2217 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне және " Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Байзақ, Т.Рысқұлов және Меркі аудандарының аумақтарында жергілікті маңызы бар "Үмбет" мемлекеттік табиғи қаумалын құру үшін резервіленген жер учаскелерінің орналасу схемасы мен экспликациясына сәйкес (1, 2 - қосымшалар) шекара шегінде жалпы аланы 298 400 гектар жер учаскелері 8 ай мерзімімен резервте қалдырылсын.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінің құрамына бергенге дейін резервте қалдырылатын жер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген т ә р т і п п е н п а й д а л а н ы л а д ы .

3. "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық ж ү й е с і н е ж і б е р у д і ;

3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М . Ж о л д а с б а е в қ а жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і

Облыс әкімі
" К Е Л І С І Л Д І "

Қазақстан
орта және
Орман және

Республикасы
су ресурстары
аншылық

К. Көкрекбаев

Қоршаған
министірлігінің
шаруашылығы

Комитетінің
Г . А з б а е в
7 сәуір 2014 жыл
Ж а м б ы л
2 0 1 4
78 қаулысына 1 қосымша

т ө р а ғ а с ы

о б л ы с ы

ә к і м д і г і н і ң
н а у р ы з д а ғ ы


ж ы л ғ ы

2 7

Жамбыл облысының Байзақ, Т.Рысқұлов және Меркі аудандарының аумақтарында ұсынылатын табиғи аумақтарын шекара шегіндегі жер учаскелерінің орналасу жобасы (схемасы)

Масштаб 1:100 000

Жалпы аумағы - 298 400 га



Ж а м б ы л

о б л ы с ы

ә к і м д і г і н і ң
н а у р ы з д а ғ ы

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

2 7

№ 78 қаулысына 2 қосымша

**Жобаланып отырған "Үмбет" мемлекеттік табиғи қамалы жерлерінің
экспликациясы**

№ р/ н	Аудандардың атаулары	Жалпы көлемі, га	Жер санаттары						
			А у ы л шаруалығы мақсатындағы жерлер мақсатындағы жерлер	Елді мекен жері	Өнеркәсіп , көлік, байланыс жерлері	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жері	Орман қорының жері	С у қорының жері	Босалқы жер
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Байзақ	69 182					69 182		
2	Т.Рысқұлов	152 116	94 277				20 331,2		37 507,8
3	Меркі	77 102	2 401,8				74 700,2		
Барлығы:		298 400	96 678,8				164 213,4		37 507,8

"Жамбыл облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
басшысы С. Жұмағұлов

"Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің "Жер ресурстары ғылыми-өндірістік орталығы" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының

Жамбыл филиалы "Жамбыл ҒОО" РМК"
Жамбыл филиалының директоры Н. Артаев